



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ

САЛА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

**БЕКІТЕМІН**



Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау университетінің  
Басқармадағасы-ректор  
С.Н. Идрисов  
*С.Идрисов* 01 2021 ж.

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

СМЖ № 150

Атырау 2021

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	X. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ	Басылым: <i>Есінші</i>
	Қазақстан халқы Ассамблеясы институты	2–бет, 11 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
<b>Жасақтаған</b>	Қазақстан халқы Ассамблеясы Институтының директоры	Ж.У. Кыдыралина	<i>Ж.Кал</i>	<i>20.01 24</i>
<b>Келісілді</b>	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М. Утепкалиева	<i>М.Кал</i>	<i>20.01 24</i>
	Сапа мониторингі кеңесінің жетекшісі	Ж.Т. Кайшыгулова	<i>Ж.Т.</i>	<i>20.01 21</i>
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов	<i>К.С.</i>	<i>20.01.24</i>

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	X. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ Қазақстан халқы Ассамблеясы институты	Басылым: екінші 2- бет, 11 беттен тұрады
---	--	---

	<b>Лауазымы</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Қолы</b>	<b>Күні</b>
<b>Жасақтаған</b>	Қазақстан халқы Ассамблеясы Институтының директоры	Ж.У. Кыдыралина		
<b>Келісілді</b>	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М. Утепкалиева		
	Сапа мониторингі кеңесінің жетекшісі	Ж.Т. Кайшыгулова		
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	<b>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ</b>	<b>Басылым: екінші</b>
	<b>Қазақстан халқы Ассамблеясы институты</b>	<b>3 – бет, 11 беттен тұрады</b>

## Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қыскартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	5
4	Күрылымы	5
5	Міндеттері мен қызметтері	5
6	Құқықтары	8
7	Жауапкершілігі	9
8	Таныстыру парагы	10
9	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парагы	11

 <b>ATYRAU</b> <b>UNIVERSITY</b>	<b>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ</b>	<b>Басылым:</b> <b>екінші</b>
	<b>Қазақстан халқы Ассамблеясы институты</b>	<b>4 – бет, 11</b> <b>беттен тұрады</b>

## 1. Жалпы ереже

1.1 Қазақстан халқы Ассамблеясы институты (бұдан әрі – Институт) «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Институт 2015 жылы құрылды.

1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясы институты бірнеше бағытта жұмыс жасайды. Ол этносаралық байланыстар саладағы үдерістерді зерттейтін, қоғамдық келісім мен ұлт бірлігінің қазақстандық моделін насиҳаттайтын ғылыми-зерттеу институты, оқу-әдістемелік, сараптама-талдау орталығы және қазақстандық бірегейлікті нығайтуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарды өзара байланыстыратын диалог алаңы ретінде жұмыстар атқарады.

1.3 Институт өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституациясын, Қазақстан Республикасы «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Зандарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы басқа да нормативтік құқықтық актілерін, университет Жарғысын, ректордың бүйрықтары мен өкімдерін, осы Ережені басшылыққа алады.

1.4 Институтты басқаруды институт директор жүзіге асырады. Институт директоры «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарама төрагасы-ректорының бүйрығымен тағайындалады және қызметінен босатылады.

1.5 Институт өз қызметін университеттің ректоры бекітken жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

## 2. Қысқартулар

Бұл ережеде келесі қысқартулар пайдаланады:

ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

ЕҮУ – Еуразиялық Ұлттық университеті

ЖОО – Жоғары оқу орындары

КММ- Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	<b>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ</b> <b>Қазақстан халқы Ассамблеясы институты</b>	<b>Басылым: екінші</b> <b>5 – бет, 11 беттен тұрады</b>
--	--	--

### **3. Нормативтік сілтемелер**

«Білім туралы» ҚР Заны  
 «Ғылым туралы» ҚР Заны  
 «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» ҚР Заны  
 Х. Досмұхамедов атындағы АУ КЕАҚ құжаттамалары  
 ИСО 9001:2015 Халықаралық Стандартының талаптары

### **4. Құрылымы**

4.1 Институттың құрылымы университеттің штаттық кестесімен белгіленеді. Институттың құрылымы мен штатын университеттің ректоры бекітеді.

4.2 Институт тікелей Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Басқарма төрағасы - ректорына бағынады, ол институт қызметіне жалпы қадағалауды жүзеге асырады. Институт қызметінің келесі бағыттарына жетекшілік етеді: ғылыми-зерттеу бағыты – ғылым жөніндегі проректор, оқу-әдістемелік бағыты – оқу істері жөніндегі проректор.

4.3 Институттың ағымдағы жұмысын ұйымдастыру үшін Институт директоры тағайындалады.

4.4 Институт директорының құзыреті, құқығы, міндеттері, жауапкершілігі, қызметінің талаптары қызметтік нұсқаулықпен белгіленеді.

4.5 Институт атауының өзгеріліеуі университеттің Басқарма төрағасы - ректорының бұйрығы бойынша университеттің Ғылыми кенесінің шешімімен енгізіледі.

4.6 Институттың жұмысын орындауга университеттің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер мен магистранттар тартылады.

4.7 Институт өз қызметін атқару барысында университеттің басқа да бөлімшелерімен және басқа да мемлекеттік органдармен, қоғамдық үйімдармен, отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу институттармен, басқа да мекемелерімен өзара байланыс орнатады.

4.8 Институт өз қызметін Атырау облысы Ішкі саясат басқарамасының «Қоғамдық келісім» КММ, облыстық Достық үйі, этномәдени бірлестіктерімен тығыз байланыстар орнатады. Аталған мекемелермен азаматтық бейбітшілікті және этносаралық төзімділікті сақтау мен нығайтуға бағытталған ғылыми-білім беру, әлеуметтік-мәдени шаралар, акциялар ұйымдастырады.

4.9 Сондай-ақ Институт әдістемелік орталықтары ретінде танылатын Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ҚХА кафедрасы мен «Шаңырақ» Республикалық ЖОО ҚХА кафедраларының Қауымдастыры» қоғамдық бірлестігі және басқа да Қазақстандағы ЖОО-ның құрылымдарымен тығыс байланысты орнатады.

### **5. Міндеттер мен қызметтері**

#### **5.1 Міндеттер:**

5.1.1 қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін түсіндіру, зерделеу және насиҳаттаудың бірыңғай ғылыми-теориялық, әдіснамалық және практикалық ұстанымдарды қалыптастыру үшін университеттің факультеттері мен кафедраларының ғылыми-интеллектуалды әлеуетін біріктіру;

5.1.2 этносаралық, конфессияларалық қатынастар, этносаясат және мәдениетаралық байланыстар саласындағы пәндердің теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау;

5.1.3 этносаралық және конфессияаралық катынастар, Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеттеріне бағытталған пәндер мен арнайы курсарды оқу процесіне енгізу туралы әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу;

5.1.4 ғылыми әдебиетті талдау, кешенді тұрғыда және пәнаралық байланыстар негізінде этникалық саладағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдап қорыту;

5.1.5 этносаралық және мәдениетаралық өзара әрекеттестігінің әлемдік трендтерін және оның мемлекет тарапынан реттелуін зерттеу;

5.1.6 этносаралық және конфессияаралық саланың ғылыми-теоретикалық негізін және зерттеулердің әдіснамасын қалыптастыру мен дамыту;

5.1.7 бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру үшін сарапшылар қауымдастықтар мен ғылыми топтарды құру;

5.1.8 этносаяси саланы зерттеу кезінде елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени үдерістерді кешенді тұрғыда зерттеуді қамтамасыз ету;

5.1.9 қоғамдық және тарихи сананы жаңғырту жөніндегі бағдарламалар мен жобаларды ғылыми-әдіснамалық және ұйымдастыруышылық жағынан қамтамасыз ету мен жүзеге асыруына атсалысу;

5.1.10 Атырау облысы ҚХА мен этномәдени бірлістіктерімен, қаланың, облыстың қалың жүртшылығымен тығыс байланыс орнату;

5.1.11 Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсат міндеттеріне сәйкес этносаралық және конфессияаралық келісіммен қоғамдық тұрақтылығының қазақстандық үлгісін зерттеу мен насиҳаттауға арналған әлеуметтік мағынасы бар жобаларының іске асыруына атсалысу.

## 5.2 Қызметтері

### 5.2.1 ғылыми-білім беру саласында:

5.2.1.1 этносаралық өзара әрекеттіктің тарихы мен мәдениеті туралы курсар мен пәндерінің оқу бағдарламарына мемлекеттік этносаясаттың, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін, Елбасының қоғамдық келісім және тарихи сананы жаңғыртуға байланысты бағдарламалық құжаттардың негізгі қағидаларын енгізу туралы ұсыныстарды даярлау;

5.2.1.2 оқу курсарын даярлау барысында этносаралық саладағы үдерістерді бірыңғай теоретикалық-әдіснамалық тәсілдер арқылы түсіндіру, этносаралық катынастырыдың мәдениеті мен этиканың, қоғамдық келісім мен толеранттылығы қазақстандық үлгісінің қағидаларын қоғамдық санаға енгізу;

5.2.1.3 этносаяси үдерістерді зерттеу және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттің этносаясатын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыныстарды жасау;

5.2.1.4 қоғамдық келісім мен ұлт бірлігінің қазақстандық үлгісін, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі мен қызметін насиҳаттауға арналған студенттер арасында тақырыптық дәрістер, кездесулер, конференциялар, сайыстарды ұйымдастыру мен өткізу;

5.2.1.5 этносаралық және конфессияаралық катынастар мәселелері бойынша жүртшылық алдында облыстық Достық үйінде, т.б. мекемелерде тақырыптық дәрістер мен баянадамалар оқу;

5.2.1.6 этносаясат саласына қатысты зерттеу тақырыптары бойынша студенттердің дипломдық жұмыстары, магистранттар мен докторанттардың магистерлік және докторлық диссертацияларын дайындауға көмек көрсету;

5.2.1.7 студент жастардың этносаралық және конфессияаралық катынастар туралы зерттеулерге, ғылымға қызығушылығын көтеру, жас таланттарға демеу жасау, жас зерттеушілер мен ғалымдардың әлеуметтік жауапкершіліктерін арттыру.

### **5.2.2 ғылыми-зерттеу саласында:**

5.2.2.1 этносаралық және конфессияаралық қатынастар саладағы мемлекеттің этносаясаты туралы ғылыми зерттеулерлер жүргізу;

5.2.2.2 тарихи сананы жаңғыртуға, республиканы мекендейтін барлық этностар арасында Қазақстан тарихының ортақтығы туралы сезімді қалыптасыруына ықпал ететін жаңа ғылыми жобаларды іске асыру;

5.2.2.3 ғылыми еңбектерді даярлау және ғылыми нәтижелерін жариялау (ғылыми баяндамалар, мақалалар, жинақтар, ғылыми монографиялар және т.б.);

5.2.2.4 ғылыми-ұйымдастырушылық шараларды өткізу, институттың зерттеу бағыттары бойынша халықаралық ғылыми конференциялар, «дөңгелек үстелдер», ғылыми-теоретикалық семинарлар, байқаулар;

5.2.2.5 қоғамдық және тарихи сананы жаңғыртуудың өзекті мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруға арналған мемлекеттік тапсырысты игеру үшін конкурстарына қатысу;

5.2.2.6 этносаяси саласындағы мәселелер, этностардың тарихы мен мәдениеттері бойынша халықаралық және республикалық ғылыми конференциялармен жобаларға қатысу;

5.2.2.7 отандық және шетелдік ғылыми орталықтармен тікелей қарым-қатынастар орнату мен дамыту;

5.2.2.8 этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы ұдерістерді зерттеу үшін университеттің профессор-окытушылар құрамы және жұртшылық өкілдерінен ғылыми-әдістемелік бірлістігін құру мен жұмысын ұйымдастыру;

5.2.2.9 этноконфессияаралық қатынастар мәселелері бойынша Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясына, Ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-не ҚХА-ның құрылымдары, Ғылыми-Сараптамалық тобы, этномәдени бірлестіктері, мемлекеттік және қоғамдық мекемелер мен ұйымдары жұмыстарының мазмұны мен формаларын жетілдіруіне ғылыми-әдістемелік көмек пен кеңестер беру.

### **5.2.3 сараптамалық-талдау саласында:**

5.2.3.1 жедел талдау; ішкі саясат, этносаясат, қоғамдық және тарихи сана салаларындағы жүріп жатқан ұдерістер мәселелері бойынша БАҚ-да сөйлеу, жедел сұхбат, анықтама беру;

5.2.3.2 қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту туралы заң жобаларын талқылау мен сараптамасына қатысу;

5.2.3.3 мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың сұраныстарымен сараптамалық қорытынды дайындау;

5.2.3.4 Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеті, этносаясаты саласындағы бағдарламалық-мақсаттық және гранттық тұрғыда қаржыландыратын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерінің орындалу сапасын сараптау және мониторинг жасау жұмыстарына қатысу;

5.2.3.5 этносаясат мәселелері бойынша «дөңгелек үстелдер», дискуссиялық алаңдарды ұйымдастыру;

5.2.3.6 аймақатагы этникалық және діни ахуалды зерттеу;

5.2.3.7 Атырау облысы ҚХА, Ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-не мен этномәдени бірлестіктерге әдістемелік, ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсету;

5.2.8 МС ИСО 9001:2008 талаптарына сәйкес университеттің сапа менедменті жүйесін әзірлеуге, енгізуге, қолдауға және үнемі жақсартуға қатысу.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	<b>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ</b>	<b>Басылым: екінші</b>
	<b>Қазақстан халқы Ассамблеясы институты</b>	<b>8 – бет, 11 беттегі тұрады</b>

#### **5.2.4 әқпараттық-түсіндіру және ағартушылық салада:**

5.2.4.1 этносаралық төзімділіктің қазақстандық ұлгісін насиҳаттайтын БАҚ-та сөз сөйлеу және ғылыми басылымдарға жарияланымдар әзірлеу;

5.2.4.2 этносаясат мәселелері бойынша мекемелер мен ұйымдарда баяндамалар жасау;

5.2.4.3 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні, 22 қыркүйек - Қазақстан халқының тілдері күні, 31 мамыр – саяси құғын сүргіндерді еске алу күні, 1 наурыз - Алғыс айту күні, 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президенті күні, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні және т.б. мемлекеттік мейрамдармен естелік күндеріне арналған ҚХА, этномәдени бірлестіктері мен әртүрлі әлеуметтік-мәдени шараларды, «дөңгелек үстелдерді» ұйымдастыру мен өткізу, ҚХА-ның бейбітшілік пен келісімді нығайтуға бағытталған мәдени-ағартушылық жобалармен акцияларына қатысу;

5.2.4.4 этносаяси зерттеулер саласындағы жаңа ғылыми басылымдармен оқу-әдістемелік құралдарды насиҳаттау және ғылыми жетістіктер туралы кең жүртшылықты таныстыру.

#### **6. Институттың құқықтары**

6.1 институт университеттің Жарғысина қайши келмейтін өз қызметінің негізгі және ғылыми-техникалық даму басымдық бағыттары, университеттің стратегиялық дамуы және институттің ғылыми бағыттарына сәйкес белгілеу;

6.2 институт өз қызметін қамтамасыз ету үшін университеттің құрылымдық бөлімшелері басшылығынан қажетті әкпарат мен материалдарды алу;

6.3 институттің қызметін жетілдіру үшін университеттің басшылығына ұсыныстар енгізу;

6.4 университет тарапынан институттің құзыретіне қатысты мәселелері бойынша басқа мекемелерде және ұйымдарда өкілдептілік ету;

6.5 институттің қызметіне байланысты мәселелері бойынша ғылыми конференциялар, т.б. шараларға қатысу және семинарлар, тренингтер мен конференциялар өткізу;

6.6 қызметтік міндеттерді орындау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайларды қамтамасыз ету. Университеттің материалдық-техникалық базасының (аудио-бейне жабдығы, мультимедиалық жабдық, кітапхана қорлары және т.б.) аудиториялық қорын, құрал-жабдықтарын және ғаламтор ресурстарын пайдалану;

6.7 ғылыми-зерттеу жұмыстарының өніміне (нәтижелеріне) авторлық құқықты қорғау. Кәсіби қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес алынған жеке зияткерлік меншікке ие болу;

6.8 институттің қызметі жөніндегі мәселелері талқыланатын университеттің құрылымдық бөлімшілерінің жиналыстарына қатысу;

6.9 мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде және өзге де ұйымдарда қызметтік міндеттерін орындауға байланысты белгіленген тәртіппен қол жеткізу;

6.10 институттің қызметін іске асыру үшін этносаяси зерттеулер саласында жұмысшы органдары мен бірлестіктерді құру (ғылыми-әдістемелік бірлестік, студенттік ғылыми бірлестік, т.б.);

6.11 институттың бағытына сай ғылыми зерттеулердің тақырыптарын, қызметтің түрлері мен бағыттарын таңдауға;

6.12 оқу үдерісін ұйымдастыру және жетілдіру, халықаралық байланыстарды дамыту жөнінде ұсыныстар беру;

6.13 университеттің Ғылыми кеңесінің отырыстарында оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметі туралы маңызды мәселелерді талқылау;

6.14 респубикалық форумдар, конференциялар, жиналыстар, ғылыми-сараптамалық кеңестердің отырыстарына және университеттің, институттың шенберінде өткізіліп жатқан шараларға қатысу;

6.15 лауазымдық регламент және иеленген лауазымы бойынша құқықтары мен міндеттерін анықтайтын басқа да құжаттармен танысу;

6.16 отандық және шетелдік жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында, мемлекеттік мекемелерінде, т.б. үйымдарда мамандардың кәсіби деңгейін көтеру.

6.17 Ережеге енгізілетін өзгерістер АқМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Тұнұсқаға және есепке алынған жұмыс даянадарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.

6.18 Тұнұсқаға және есепке алынған жұмыс даянадарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

6.19 Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:

- заңдық құші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

- ректордың бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;

- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы

- ҚББ мен АМЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.

6.20 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады

6.21 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшин жойған Ережелерді университеттегі барлық даянадары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

## **7. Жауапкершілігі**

Институт қызметкерлерінің міндеттері:

7.1 қызметтік регламентке сәйкес қызметтік міндеттерді орындау;

7.2 жұмыс орнында мекеменің ішкі тәртібін сақтау;

7.3 лауазымдық міндеттерді тиісті орындау үшін қажетті біліктілік деңгейін көтеру және қолдау;

7.4 өздеріне жүктелеген университеттің мүлкіне мұқият қарауға және сақтауға;

7.5 қажет болған жағдайда Институт қызметінің нәтижелерін университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде тындауға ұсыну;

7.6 плағиатпен, жалған ғылым және оның көріністерімен құресу.

7.7 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері және ХС ИСО

9001:2015 талаптарына сай жасалуын СМК жүзеге асырады.

7.8 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даянадарын тиісті бөлімдерге жеткізуіді СМК жүзеге асырады.

7.9 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даянадарын сақтауға ҚББ жауапты.



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ

## **Басылым: екінші**

Казақстан халқы Ассамблеясы институты

## **10– бет, 11 беттөн тұрады**

ТАНЫСУ ПАРАФЫ



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КЕАҚ

## **Басылым:** **екінші**

## **Казакстан халқы Ассамблеясы институты**

11– бет, 11  
беттеги тұрады

## **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАФЫ**